

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЭЭП 01,03

Пән: «Философия және мәдениеттану негіздері»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практика мейіргері»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»

Оқу сағатының/кредиттің көлемі: 24/1

Теория: 24 с.

Курс: 2

Семестр: 3, 4

Бақылау түрі: с/сынақ

Шымкент, 2025 ж

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 2 беті

«Философия және мәдениеттану негіздері» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: З.Ш.Оразымбетова

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Кафедра менгерушісі:  А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Төрайымы:  Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кенесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Төрайымы:  Г.О.Мамбеталиева

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 3 беті

Оқытушылар туралы мәлімет:

№	Аты-жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл.мекен-жайы
1	З.Ш.Оразымбетова		оқытушы	Философия және мәдениеттану негіздері	Orazymbetova@mail.ru

1.1. Кіріспе.

Оқу пәнінің объектісі мәдени-тарихи дамуында және қазіргі жай-күйінде алынған рухани өндірістің ерекше формасы ретінде философия болып табылады. Оқып-үйрену объектісінің құрамына дүниежүзілік және отандық философияның ішкі бірлігіне алынған негізгі бағыттары мен мәселелері кіреді.

Философия- бұл адам болысының іргелі принциптері мен негіздері туралы, адамның табиғатқа, қоғамға және барлық негізгі көріністерінде алынғандығы рухани өмірге қарым-қатынасының ең жалпы мәнді сипаттары туралы білімдер жүйесін қаузаытын дүниені танудың айрықша формасы.

Білім алушыларға қойылатын талаптар:

- себепсіз сабақтарды жібермеу;
- сырт келбеті жинақы, ұқыпты;
- жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- тәжірибелік сабақтарда белсенділік көрсету;
- сабақтарға дайындықпен келу ;
- сабақтарға кешікпеу;
- сабақ кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;

Білім алушылардың өзіндік жұмыстары (рефераттар, баяндамалар) плагиатқа тексерілуі міндетті.

Себепсіз жіберілген сабақтар өтелмейді. Әртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты, жанұя жағдайы, басқа да себептермен) жіберілген жағдайда, анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі. Өтем сабаққа берілген рұқсат парағы 30 күн жарамды.

1.2. Пән мақсаты:

Мақсаты білім алушылардың философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Қазіргі Қазақстанның үшінші жаңғырудағы философияның рөлі.

1.3. Пән міндеттері:

- білім алушылардың қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманның жаһандық міндеттерін шешудегі философияның рөлін түсіну аясында білім алушылардың философиялық-көзқарастық және әдістемелік мәдениет негіздерін игеруі;
- білім алушытердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру;
- ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық әлеует қалыптастыру;

1.4. Оқытудың соңғы нәтижелері:

- 1) философияның тарихи дамуы негізінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттау;

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 4 беті

- 2) нақты дүниені философиялық зерделеудің ерекшелігін түсіндіру;
- 3) дүниеге көзқарасты табиғи және әлеуметтік әлемді философиялық зерделеу мен зерттеудің нәтижесі ретінде негіздеу;
- 4) дүниені танып-білудің ғылыми және философиялық әдістерін жіктеу;
- 5) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның ерекшеліктері мен мазмұнына түсініктеме жасау;
- 6) негізгі дүниетанымдық ұғымдардың мағынасы мен рөлін адамның қазіргі әлемдегі жеке және әлеуметтік болмысының құндылықтары ретінде негіздеу;
- 7) медиамәтіндер, әлеуметтік-мәдени және жекетұлғалық жағдайлардың философиялық қырларына этикалық шешімдерді қабылдау және негіздеу үшін талдау жасау;
- 8) қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзінің адами ұстанымын қалыптастыру және сауатты дәйектеу;
- 9) кәсіби саладағы мәселелердің философиялық мазмұнын анықтау үшін өзекті болып саналатын зерттеу жүргізіп, оның нәтижелерін талқылауға ұсыну.

1.5. Реквизитке дейінгі: Қазақстан тарихы

1.6. Реквизиттен кейінгі: Психология негіздері және коммуникативті дағдылар

1.7. Тақырыптық жоспары:

1.7.1. Аудиториялық сабақтың тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Философия пәні, оның қалыптасу және даму тарихы. Ежелгі Шығыс философиясы. Антик философиясы. Орта ғасырлық философия. Қайта өрлеу дәуірінің философиясы.	Философия дүниетанымның өзегі ретінде. Философияның қоғамдағы рөлі. Дүниетанымның тарихи түрлері-миф, дін, философия. Материализм және идеализм-философияның негізгі бағыттары. Ежелгі Қытай философиясы (Конфуций ілімі-гуманизм, Дао ілімі-даосизм). Қытай философиясының негіздері. Ежелгі Үндістандағы касталық жүйе. Буддизм және Джайнизм. Ведалар кітабы. Антик философия-Фалес, Анаксимандр, Анаксимен, Гереклит, Парменид, Зенон, Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Эпикур. Рим тарихнамасының қалыптасуы. Грек, Рим философиясының сабақтастығы. Ежелгі Грек мәдениетіндегі мүсіндеу мен сәулет өнері, ғылымның дамуы. Араб-парсы философиясы. Патристика, схоластика-ортағасырлық философияның негізгі ағымдары. Ислам діні. Р Бекон, Ф. Аквинский, У. Оккам, О. Хайям, әл-Фараби, ибн-Сина, әл-Бируни ілімдері. Геоцентризм (Н. Каперник, Г. Галилей, Д. Бруно). Жаңа заман философия-таным әдісі.	2
2	Қазақ философиясының қалыптасуы мен ерекшеліктері.	Қазақ халқының дүниетаным. Мұсылмандық ренессанс (Қорқыт Ата, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи, Асан Қайғы,	2

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 5 беті

		Мұхаммед Хайдар Дулати т.б). XIX ғасырдағы казак ағартушыларының дүниетанымдық көзқарастары (Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Бұқар Жырау, Ақтамберді жырау). Антропоцентризм және гуманизм (Ш.Уалиханов, Б.Алтынсарин, А.Құнанбаев).	
3	Философияның теориялық және методологиялық негіздері. Диалектиканың негізгі ұғымдары.	Болмыс. Материя, Сана ұғымдары. Болмыс Категориясы және негізі формалары. Субстанция мәселесі. Заттардың мәні туралы негізгі ілімдер. Материя туралы басты ілімдердің типологиясы. Материя ұғымының философиялық мәні. Материаның құрылысы, оның ұйымдық формалары. Материяның өмір сүру тәсілдері мен формалары. Кеңістік және уақыт ұғымдары. Адам санасы рухани әлемі туралы ғылыми түсініктер. Адам психикасының құрылымы: сана, санасыздық, өзіндік сана. Сана адам миының функциясы. Диалектика дамудың жалпылама концепциясы. Диалектиканың тарихи формалары, диалектика заңдары.	2
4	Таным теориясы.	Танымның объектісі мен субъектісі. Агностицизм түсінігі. Сенімді және рационалды танымның диалектикасы. Ақиқаттың түрлері. Практика (тәжірибе). Дүниені танып білудің мәні.	2
5	Философиядағы адам мәселесі. Құндылықтар философиясы.	Адам проблемасы, адамға берілген анықтамалар. Адамның пайда болуы туралы түсініктер. Адам өмір сүруінің табиғи-биологиялық алғышарттары. Адамның әлеуметтік мәні және ұлттық тұрпаты. Адам бойындағы табиғи және қоғамдық сипаттың үйлесімділігі.	2
6	Қазіргі қоғамның сипаты мен бірлігі. Ғылым мен мәдениет.	Қоғам, адам және қоғамдық қатынастар туралы ой-пікірлер. Қоғамдық болмыс, сана. Әлеуметтік философия түсінігі және негізгі принциптері. Рухани қоғамдық өмірдің мәні. Өндірістік қатынастар, өндіргіш күштер. Халық санының өсуі. Биосфера, экология мәселелері. Қоғамның Тарихи типтері, қозғаушы күштері. Қоғамды зерттеудің методологиялық негізі. Ғылым және ғылыми көзқарас, мәні мен ерекшелігі. Ғылыми танымның логикасы мен методологиясы. Қоғамдағы прогресстің тарихи типтері. Дүниежүзілік тарихи дамудың бірлігі мен өзгешіліктері. Ғылыми-техникалық революция, ғылыми прогностика. Компьютерлік моделдеу. Тарихи аналогия. Адам және адамзаттың ауқымды проблемалары. Жаңаша ойлау.	2
	№1 Аралық бақылау	1-6 тақырыптар бойынша ауызша-жазбаша түрде бақылау жұмысы	

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 6 беті

7	Мәдениеттану-мәдениет туралы ғылым. Мәдениет және өнер.	Мәдениеттану пәні оның міндеті. Мәдениет - адам әлемі. Қоғамдағы мәдениеттің негізгі қызметі. Мәдениеттің негізгі жүйелері. Материалдық және рухани мәдениет, оның құндылықтар жүйесіндегі орны. Мәдениеттің мұрагерлік, адамды қалыптастыру қызметі. Мәдениет - күрделі қоғамдық құбылыс. Мәдениеттану ғылымның білімдік жүйесі, олардың құндылығы. Мәдениет және өркениет ұғымының арақатынасы. Мәдениеттанудағы концепциялары. Мәдениеттану ғылымы қоғамдық ғылымның саласы. Ойшылдардың мәдениеттанулық тұғырнамалары. Мәдениет типологиясы туралы қазіргі түсініктер. Мәдениет ұғымының даму логикасы және тарихы. Өнер туралы түсінік. Өнердің шығу тегі. Өнердің орындаушылық түрі. Сәулет өнері. Көркем өнер. Кино.	2
8	Дүниежүзілік мәдениеттер мен өркениеттер.	Шығыс мәдениетінің қалыптасуы мен ерекшелігі. Вавилион мәдениетінің қалыптасуы мен ерекшелігі. Вавилион мәдениеті адамзат мәдениетінің ең көне орталығы. Египет мәдениетінің құндылықтары: пирамидалар, Мысыр жазуы, наным-сенімдері. Ежелгі Қытай мәдениетінің мәні: Конфуций, Дао, Будда ілімінің алатын орны. Қытай иероглифтерінің мәдени тарихы. Ежелгі Қытай өнері. Үнді мәдениетінің негізгі бағыттары, алғашқы философиялық мектептер. Үнді эпостарының дүниежүзілік мәдениеттегі орны. Үнді халқының әдет-ғұрыптары. «Махабхарата» мен «Рамаяна» поэмалары - көне үнділік әдеби мұра. Грек мәдениетінің мәні. Ежелгі Грек философиясы, космологиясы. Гомер поэмасы. Ежелгі грек мәдениетіндегі мүсіндеу және сәулет өнеріндегі дүниетанымдық көзқарас. Спарандық тәрбие. Афина демократиясы және оның маңызы. Антикалық Рим мәдениетіндегі сабақтастық және жаңашылдық Римдік шешендік өнер. Цицерон. Грек, Рим мәдениетінің сабақтастығы. Рим тарихнамасының қалыптасуы. Антикалық мәдениеттің қазіргі Еуропалық мәдениеттің қалыптасуына тигізген әсері.	2
9	Еуропалық Қайта өрлеу және Жаңа заман кезеңіндегі мәдениет. Отандық мәдениеттің теориясы мен тарихы. Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер және қазақ мәдениеттің бастауы.	Қайта өрлеу мәдениетінің кезеңдері. Еуропаның Реформация дәуіріндегі мәдениеті. Мәдениеттегі рационализм. Ағартушылық кезеңіндегі Еуропа мәдениеті. Византия және оның христиандық мәдениетті дамытудағы тарихи рөлі. Данте, Леонардо да Винчи, Рафаэль, Мекелланджело және олардың әлемдік мәдениеттегі орны. Ренессанс дәуіріндегі жеке адам мүмкіндігін бақылау. Қайта өрлеу	2

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 7 беті

	Орта ғасырдағы түрік мәдениеті.	дәуірінің өнер туындылары. Жаңа дәуір мәдениетіндегі ғылым мен техниканың маңызы. Ағартушылық дәуіріндегі Еуропа мәдениеті. Өнердегі романтизм. Қазақ мәдениетінің түп негізі. Андронов мәдениеті. Ежелгі көшпелілер мәдениетіндегі мифология және космогония. Ежелгі сақ өнері. Сақтардың дүниетанымы Ұлы Жібек жолы. Ұлы Жібек жолы бойындағы қала мәдениетінің дамуы. Ежелгі түркі өркениеті және оның ерекшелігі. Орхон-Енесей ескерткіші көне түркі жазбасы. Түркі дүниетанымы мен қазақ дүниетанымындағы сабақтастық. Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жыры. Куле чор, Мойын чор ескерткіштері. Ертіс, Талас жазбалары. Түркі мәдениетіне араб-парсы мәдениетінің ықпалы. «Мұсылман Ренессансы» дәуіріндегі жазба мәдениеттің дамуы. Әл-Фараби мұралары. Ислам дүниетанымы бағытында жазылған еңбектер. Ортағасырлық кезеңдегі тарихи ескерткіштер. «Қорқыт Ата кітабы» мен «Оғыз наме» түркілердің ортақ мұрасы. М. Қашқари «Түркі тілдерінің сөздігі» түркі тайпалары туралы зерттеулер. Ж. Баласағұн «Құтты білік» - энциклопедиялық еңбек. А. Иассауи «Диуани Хикмет». «Құмандар кітабы».	
10	Көшпелі өркениет құндылықтары. Дәстүрлі қазақ мәдениеті. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің дамуы. Қазіргі Қазақстан мәдениеті.	Көшпелі өркениет әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі. Көшпелілер дүниетанымы. Көшпелі өркениеттің ерекшелігі. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің табиғи-ғарыштық негіздері. Көшпелілер өміріндегі мал шаруашылығының рөлі. Кеңестікті игерудегі жылқы малы. Көшпелілердің әлеуметтік тектік типтері. Көшпелілердің әдет-ғұрыптары. Қазақтың ұлттық ойындары. Қазақ халқының қолөнері. Халықтық қолөнер. Қазақ этнографиясы. Ұлттық киім үлгілері. Ағаш өңдеу және зергерлік өнер. Тері өңдеу және теріден жасалатын бұйымдар мен тұрмыстық заттар. Қазақ халқының тұңғыш суретшісі. Ш.Уалиханов. Қазақ халқының тұңғыш кәсіби суретшісі Ә.Қастеев. Халық ауыз әдебиеті мен музыка мәдениеті. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшелігі. Халық ауыз әдебиеті бай мәдени мұра. Халық ауыз әдебиеті жанрындағы батырлар бейнесі мен жерге деген сүйіспеншілік. Шешендік өнер-сөз жауһары. Айтыс өнері. Материалдық және рухани мәдениет құндылықтары (қол өнер, тұрғын үй, киімі, қазақ күнтізбесі, халық білімі, Наурыз). Халық ауыз әдебиетіндегі лирикалық пәмалар: «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Қыз Жібек». Ұлттық аспаптар, күй, ән	2

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 8 беті

		өнері. Халықтың әншісі композиторларының шығармашылығы. XX ғасырдағы мәдениеттің дамуындағы қайшылықтар мен ерекшеліктер. Қазақстанның көпұлтты мәдениеті. Қазіргі қазақ мәдениетінің типтері. Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары. Модерн: оның ерекшеліктері, әлеуметтік және көркемдік бағыттары. Авангард-мәдени-әлеуметтік құбылыс. Қазіргі қазақ әдебиеті. Қазіргі өнер: сурет, кино, театр, бейнелеу т.б. Қазіргі Қазақстан мәдениетінің жетістіктері, Әлемдік өркениеттегі Қазақстан мәдениетінің алатын орны. Ұлттық мәдениеттің жаңаруы. 20-30 жылдардағы білім беру жүйесінің дамуы. Әдебиет пен өнердің дамуы. Халық шаруашылығын дамытуда ұлттық кадрларды дайындау. Қазақ ғылымының дамуы. С.Д. Асфендияров, А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Қ.И. Сәтпаев. Қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі. С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ж. Аймауытов, М. Әуезов т.б. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан мәдениеті. Қазақстан мәдениетінің XX ғасырдағы 70-90 жылдардағы дамуы. Қазіргі қазақ мәдениетінің типтері. Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары. Модерн: оның ерекшеліктері, әлеуметтік және көркемдік бағыттары. Авангард-мәдени-әлеуметтік құбылыс. Қазіргі қазақ әдебиеті. Қазіргі өнер: сурет, кино, театр, бейнелеу т.б. Қазіргі Қазақстан мәдениетінің жетістіктері, Әлемдік өркениеттегі Қазақстан мәдениетінің алатын орны.	
11	Қарым-қатынас мәдениеті.	Отбасылық мәдениет. Отбасылық құндылықтар. Отбасылық, некелік қатынастар. Қазіргі қарым-қатынастар мәдениеті. Телефон және ғаламтор. Қоғамдық орындағы мәдениет. Тамақтану мәдениеті. «Сіз» және «Сен». Әдеп жайында.	2
12	Дүние жүзілік діндердің мәдениеттің дамуындағы алатын орны. Будда мәдениеті. Христиан өркениеті. Ислам өркениеті.	Үнді мәдениетіндегі діннің алатын орны. Б.з.д. екі мың жылдықтағы Ведалар. Упанишадтар. Брахмандар мен атмандар. Ведалар негізінде қалыптасқан философиялық ілімдер: жайнизм, буддизм, даршандар, чарвактар-лакаяттарт.б. Будда діні. Буддизмнің екі ағымы: Хинаяма, Махаяма. Будда мәдениетінің таралу тарихы. Индуизм. Христиан дінінің шығуының әлеуметтік - мәдени алғы шарттары. Христиан дінінің құндылықтары. Христиан дінінің Еуропа мәдениеті дамуындағы рөлі. Христиан дініндегі адамгершілік мәселесі. Католик діні және Рим папасы. Праваславия діні. Орыс	2

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 9 беті

		шіркеуі. Протестандықтардың пайда болуы мен ерекшеліктері. Христиан дінінің Еуропа өркениетіндегі орны. Ислам мәдениетінің шығу тарихы мен таралуы. Құран - исламның қасиетті кітабы. Ислам дініндегі ағымдар. Қазіргі ислам өркениетінің әдет-ғұрыптары және бүгінгі ислам. Ислам теориясы мен практикасы. Исламдық көзқараспен жазылған әдеби шығармалар. Исламның діни мәдени салт-дәстүрлері. Ислам және өркениет.	
	№2 Аралық бақылау.	7-12 тақырыптар бойынша тест тапсырмалары, жазбаша, ауызша түрде бақылау жұмысы	
	Барлығы:		24

3.10.Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
2. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.360 с.
3. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
4. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 2-том: Орта ғасыр философиясы» / ғылыми редактор Оспанов С. – Астана, 2018. – 400 с.
5. Карен Армстронг Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны/ Научн.редактор Кенжетай Д. – Астана, 2018. – 496 с.
6. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
7. Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
8. Нуржанбаева Ж.О. Психология және мәдениеттану : оқу-әдістемелік құралы / Ж. О.
9. Нуржанбаева, Г. С. Айдарбекова, Ә. С. Еркінбекова. - Алматы : АҚНҰР, 2023. - 222 б.
10. Нуржанбаева Ж.О. Психология и культурология : учебно-методическое пособие / Ж.О.
11. Нуржанбаева, Г.С. Айдарбекова, А.С. Еркінбекова. - Караганда : АҚНҰР, 2023. - 222 бет
12. Аширов Ш. А. Философия : оқу құралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды : Medet Group ЖШС, 2023. - 284 б.

Интернет-ресурс

Электронды басылымдар

1. Ғабитов Т. Х. Философия [Электронный ресурс] : оқулық . 2006 эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Ғабитов Т. Х. Философия [Электронный ресурс] : учебник . 2006 эл. опт. диск (CD-ROM)

3.11. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

Теориялық сабақтар – мәселелік, ақпараттық, әңгіме, дәріс-презентация, бинарлық. Аудиториямен кері байланыс дәріс тақырыптары бойынша білім алушылармен блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, ситуациялық тапсырмаларды шешу, презентация, карточкалармен жұмыс, дебат.

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 10 беті

3.12. Білім алушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау:

- ауызша сұрақ-жауап, презентация, рөлдік ойындар, мәтінмен жұмыс, жаттығу жұмыстары, эссе жазу.

Теориялық сабақтар: ауызша сұрау, әңгіме, пікірталас, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс;

Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрақ жауап, тест жүйесінде жүргізіледі.

Аралық бақылау: тестілеу, ауызша сұрақ жауап 6 және 12 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау: Ауызша, тест.

Білім алу нәтижелерінің бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Платонус, тест бойынша алынған диф. сынақ бағасын Платонус ААЖ-ға қояды.

Қорытынды бақылау: бағалы сынақ **тестік (ауызша, жазбаша)** нысанда жүргізіледі және білім алушы жоғарғы (мақ) 40 балл жинауы мүмкін.

Жалпы бағасы: ағымдық (рейтинг) (60%) + қорытынды (40%) мына төмендегі межелік бойынша қойылады:

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,00	95-100%	Өте жақсы
A-	3,67	90-94%	
B+	3,33	85-89%	Жақсы
B	3,00	80-84%	
B-	2,67	75-79%	
C+	2,33	70-74%	
C	2,00	65-69%	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	
D	1,00	50-54%	
F	0,00	0-49%	Қанағаттанарлықсыз

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БК1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	Сабакқа дайындалмаған, ізденбегені үшін қойылады.	Сабактың тақырыбын, мақсатын, мазмұнын білгені үшін қойылады.	Оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі фактілерін, даталарының хронологиялық реттілігін	Білім алушы оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі тарихи фактілерін өздігінен ізденіп, даталарының

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 11 беті

				сипаттап бергені үшін қойылады.	хронологиялық реттілігін ұғынып, ізденген білімі үшін қойылады.
БҚ1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.	Алынған білімді қолданбағаны үшін.	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені үшін бағаланады	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын сипаттағаны үшін қойылады.	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын бағалап қорытынды жасағаны үшін қойылады
БҚ 2.1 БҚ 3.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді. Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданады, алайда алған білімін тиімді көрсете алмағаны үшін қойылады.	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өңдеу барысында алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе	Топпен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз еткені үшін, ана тілі мен басқада тілдік білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылай білгені үшін қойылады.	Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алғаны үшін қойылады.

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 12 беті

экспериментті н жүргізгені үшін қойылады		алады.		
---	--	--------	--	--

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жазбаша ауызша, тест	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе, нақты емес немесе білім алушы өздері түзеген қателер жіберсе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты емес қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады.
	Қанағаттанарлық сыз F (0; 0-49%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.

Бағалы сынақты бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Тест, ауызша	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы жауап беру кезінде негізгі қағидаларды өз бетінше нақты мысалдар, фактілермен жауабын растап, және негізделген түрде талдап, жинақтап, қорытындылай алғанда еш қателік жібермегенде қойылады. Оқу материалын жүйелі, нық, байланысты, негізделген түрде және қатесіз түсіндіреді, берілген терминология мен хронологияны пайдалана отырып логикалық жүйелілікте береді; өзінің дербес тұжырымын жасайды. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы жауап беру кезінде бағдарламалық материалдар бойынша нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Түсініктерді айқындауда, ғылыми терминдерді пайдалануда,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		73-11-2025
Силлабус		16 беттің 13 беті

	тұжырымдар және жиынтықтарда елеусіз қателер мен кемшіліктер жібереді. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, алайда кейбір жерлерін түсінбеген; материалдың мазмұнын айтуы жүйесіз, үзік-үзік және ретсіз. Ғылыми терминологияны пайдалануда қателіктер мен дәлелсіздіктер жібереді. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
Қанағаттанарлық сыз F (0; 0-49%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, материал мазмұнын игермеген, қорытындылап, жинақтай алмай қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Қойылған сұрақтар шегінде бағдарламалық материалдың маңызды немесе негізгі бөлігін білмейді және түсінбейді. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	73-11-2025
Силлабус	16 беттің 14 беті

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	73-11-2025
Силлабус	16 беттің 15 беті

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	73-11-2025
Силлабус	16 беттің 16 беті